

## Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтару ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 355 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6365 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 229 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.05.02 № 229 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-22 және 276-23-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтару ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

*Министр* *Б. Жәмішев*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 6 ш і л д е д е г і  
№ 355 бұйрығымен бекітілген

## Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтару ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-22 және 276-23-баптарын іске асыру мақсатында әзірленді және Кеден одағында тауарлар

импорты кезінде Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) кері қайтару тәртібін айқындайды.

## **2. Өтінішті кері қайтару үшін негіздемелер**

2. Өтініш салық қызметі органдарынан салық төлеуші орналасқан (тұрғылықты) орны бойынша табыс еткен осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтініш негізінде кері қайтаруға жатады.

3. Салық төлеуші осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті:

- 1) қате табыс етілген Өтінішті кері қайтаруға;
- 2) Өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумақтарына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталған тауарлар әкелінген ай өткенге дейін немесе кейін тиісті сапада болмауы және (немесе) жиынтықталмауы себебі бойынша оларды қайтару жүзеге асырылған кездегі жағдайларда табыс етеді.

4. Егер осындай Өтінішті табыс ету бойынша міндет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексімен (Салық кодексі) көзделмеген жағдайда Өтініш қате тапсырылған б о л ы п е с е п т е л е д і .

5. Өтінішке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу келесі жағдайларда жүзеге а с ы р ы л а д ы :

- 1) жанама салықтар сомаларын есептеу үшін салық базасының мөлшеріне ықпал етпейтін Өтініште көрсетілген мәліметтер өзгерген және толықтырылған;
- 2) жанама салықтар сомаларын есептеу үшін салық базасының мөлшеріне ықпал ететін Өтініште көрсетілген мәліметтер өзгерген және толықтырылған жағдайларда.

## **3. Өтінішті кері қайтару рәсімі**

6. Қате табыс етілген Өтініш кері қайтарылған кезінде салық төлеушінің дербес шоттарында жанама салықтардың есептелген сомаларын түзетуді салық о р г а н д а р ы :

- 1) Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны кері қайтару арқылы осындай Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда қате табыс етілген Өтініш көрсетілген;
- 2) қосымша Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация табыс ету арқылы Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда бірнеше Өтініштер, оның ішінде қате табыс етілген Өтініш көрсетілген жағдайларда жүргізеді.

7. Салық төлеуші Өтінішке өзгерістер мен толықтыруларды бір мезгілде жаңа

Өтінішті табыс ете отырып, бұрын табыс етілген Өтінішті кері қайтару арқылы е н г і з е д і .

Бұл ретте салық органы жаңа Өтінішті ағымдағы күнмен тіркейді, ал салықтық бақылау шараларын қолдану және жанама салықтарды төлеу мерзімін айқындау мақсатында кері қайтарылған Өтінішті қабылдау күні жаңа Өтінішті табыс ету күні болып танылады.

8. Салық төлеушінің дербес шоттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында салық органы осы Ереженің 12-тармағында көзделген импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі қосымша декларация негізінде жанама салықтардың тиісті сомаларын есептеу (азайту) жүргізеді.

#### **4. Өтінішті кері қайтарған кезде салық төлеуші әрекетінің кезектілігі**

9. Өтінішті кері қайтару үшін салық төлеуші салық органына осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық есептілігін кері қайтару туралы салықтық өтініш тапсырады.

10. Өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты Өтінішті кері қайтару кезінде салық төлеуші салық органына «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-20-бабы 3-тармағының 3), 4), 5), 7) және 8) тармақшаларында көзделген енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың негізділігін растайтын құжаттарды табыс етеді.

11. Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталған тауарлар әкелінген ай өткенге дейін тиісті сапада болмауы және (немесе) жиынтықталмауы себебі бойынша оларды қайтару жүзеге асырылған кезде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты Өтініш кері қайтарылған жағдайда осы Ереженің 10-тармағында көзделген құжаттармен қатар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-23-бабы 3-тармағында көзделген енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың негізділігін растайтын құжаттар табыс етіледі.

12. Салық төлеуші осы Ереженің 5-тармағында көзделген негіздер (Өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты) бойынша Өтінішті кері қайтару үшін осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтінішпен қатар қосымша импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация табыс етеді.

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтару ережесіне 1-қосымша

# **Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтару туралы салықтық өтініш**

**Қағаз мәтініне қараңыз**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ